

Павлодар қалалық мәслихатының 2005 жылғы 18 наурыздағы "Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері бойынша белгіленген жиынтықты салықтың мөлшерлемесін және бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы" N 23/13 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы (3 сайланған 32 кезектен тыс сессия).

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 19 сәуірдегі N 51/32 шешімі. Павлодар облысы Павлодар қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 21 мамырда N 90 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 394 бабын, Қазақстан Республикасының "Ойын бизнесі туралы" Заңы 11 бабының 1,2 тармақтарын, 17 бабының 1 тармағын басшылыққа ала отырып, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қалалық мәслихатының 2005 жылғы 18 наурыздағы "Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері бойынша белгіленген жиынтықты салықтың мөлшерлемесін және бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы" N 23/13 шешіміне (3 сайланған 13 кезектен тыс сессия), (2005 жылғы 7 сәуірдегі нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2984 болып тіркелген, 2005 жылғы 12 мамырдағы N 12 "Сарыарқа самалы", 2005 жылғы 20 сәуірдегі N 16 "Версия" газеттерінде жарияланған) төмендегідей өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

"4 қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын".

2. Шешімнің орындалуын бақылау Павлодар қалалық мәслихатының тексеріс комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы В. Дорохин

Қалалық мәслихаттың хатшысы В. Лебедь

Павлодар	қалалық	мәслихатының	
2007	жылғы	19	сәуірдегі
"Павлодар	қалалық	мәслихатының	
2005	жылғы	18	наурыздағы
"Кәсіпкерлік	қызметтің	жеке	түрлері
бойынша	белгіленген	жиынтықты	
салықтың	мөлшерлемесін	және	бір жолғы
талондардың	құнын	бекіту	туралы"
N 23/13	шешіміне	өзгерістер	мен
толықтыру	енгізу	туралы"	

№ 51/32 шешіміне қосымша

(3 сайланған 32 кезектен тыс сессия)

Павлодар қалалық мәслихатының

2005 жылғы 18 наурыздағы

"Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері

бойынша белгіленген жиынтықты салықтың

мөлшерлемесін және бір жолғы талондардың

құнын бекіту туралы" № 23/13 шешіміне

4 қосымша

(2005 жылғы 7 сәуірдегі МТН 2984)

Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері бойынша белгіленген жиынтықты салықтың мөлшерлемесі

N p/c	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	Салық салу объекті-сі	Бір айғы белгіленген жиынтықты салықтың мөлшерлемесі(АЕК)	Бір жылғы белгіленген жиынтықты салықтың мөлшерлемесі (АЕК)
1	Ойынды бір ойыншымен өткізуге арналған, ақшалы ұтыссыз ойын автоматтары бойынша қызмет көрсету	1 автомат	4	48
2	Ойынды бірнеше ойыншының қатысуымен өткізуге арналған, ақшалы ұтыссыз ойын автоматтары бойынша қызмет көрсету	1 автомат	6	72
3	Ойын өткізу үшін қолданылатын, жеке компьютерлер бойынша қызмет көрсету	1 компью-тер	2	24
4	Боулинг бойынша қызмет көрсету	1 жол	20	240
5	Бильярд бойынша қызмет көрсету	1 үстел	10	120